

**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ**

**ФАКУЛЬТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ**

**СБОРНИК**

**материалов международной научно-практической конференции  
«Актуальные проблемы международных отношений, права и экономики и  
поиск их решений в свете Стратегии «Казахстан - 2050»,  
посвященной 80-летию КазНУ им. аль-Фараби  
и 60-летию юбилею профессора К.Н. Шакирова**

**4 апреля 2014**

**Алматы, 2014**

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Предисловие ректора КазНУ им. аль-Фараби, академика Г.М. Мутанова</b>	7
<b>Слово о юбиляре</b>	9
<b>АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННЫХ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ</b>	
<b>Gregory Gleason</b> From signal theory to global politics: the study of international relations in the digital age	13
<b>Pierre Chabal</b> «Double» degrees, «joint» diplomas, «shared» curricula: towards a deconstructing form of the multilateralisation of higher education ?	18
<b>Rouben Azizian</b> Realism and Triumphalism about the Rise of Asia	22
<b>Sebastian Harnisch</b> Facing liberal state-building dilemmas while probing chances for cooperation in Central Asia	25
<b>Акатаева А.А.</b> Влияние информационных технологий на современные международные отношения	29
<b>Әбдіқадырова Ж.Б.</b> Мысырдың ХХІ ғасыр басындағы Таяу Шығыс қақтығысын реттеу бойынша бастамалары	36
<b>Әліпбаев А.Р., Божеева Б.З.</b> Қазақ-түрік ынтымақтастығындағы «Жаңа синергия» бағдарламасының мәні	42
<b>Байзакова К.И., Каракулов Е.</b> Проблемы безопасности в Центральной Азии после вывода Международных сил содействия безопасности из Афганистана в 2014 г.	47
<b>Байкушикова Г.С.</b> Проблемы реализации Концепции экологической безопасности Республики Казахстан	53
<b>Балаубаева Б.М.</b> Қазақстан мен Ресей арасындағы мәдени қарым-қатынастардың кейбір астарлары	56
<b>Голикова В.И.</b> Политические события в странах Ближнего Востока и Северной Африки и Центральная Азия	59
<b>Губайдуллина М.Ш., Инсебаева С.</b> European Union and Central Asia in a Changing World: The Normative Power Europe Concept	62
<b>Деловарова Л.Ф.</b> Особенности миграционных процессов в Центральной Азии в начале ХХІ века: проблемы и перспективы	65
<b>Джалилов З.Г.</b> Казахстан в системе международных отношений исламского мира: потенциал и ресурсы сотрудничества	68
<b>Жумагулов К.Т.</b> Исследование проблем всемирной истории в свете Стратегии «Казахстан-2050»	73
<b>Идрышева Ж.Қ.</b> ҚХР мен РФ арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың қалыптасып дамуы	74
<b>Күзембаева А.Б., Ұзақбаева Г.</b> Халықаралық қатынастарға тәніп тұрған жаңа қауіп-қатерлер жағдайындағы бітімгершілік мәселесі	81
<b>Кукеева Ф.Т., Ормышева Т.А.</b> Зеленая экономика – новая парадигма развития: инициатива Казахстана	85

<b>Кульбаева А.Т.</b> Объединение Кореи: история и перспективы	89
<b>Лаумулин М.Т.</b> Дискуссии по проблемам евразийской интеграции	93
<b>Макашева К.Н., Акжаров Б.</b> СВМДА: из консультативного форума в полноценную международную организацию	101
<b>Мовкебаева Г.А.</b> Внешняя политика Республики Казахстан в сфере обеспечения безопасности в условиях трансформации системы международных отношений	105
<b>Молдабаев А.Г.</b> Военная политика современного Казахстана в проекциях концепции коммуникативной рациональности	109
<b>Мұқаметханұлы Н.</b> Қытайдың аймақтық және әлемдік ықпалы жөнінде	114
<b>Нурдаuletova С.М., Кошербаев Ж.Д.</b> Роль региональных организаций в обеспечении безопасности в Центральной Азии	117
<b>Сарбаева Р.Е.</b> К вопросу о формировании единого культурно-образовательного пространства в рамках Евразийского Союза	120
<b>Уразаева Ф.П.</b> Қазақстан– 2050 стратегиясы шеңберіндегі Қазақстан Жапон қатынастарындағы экологиялық мәселелер	123
<b>Чукубаев Е.С., Каримсаков А.О.</b> Влияние «арабской весны» на иммиграционную политику Европейского Союза	127
<b>Шакиров К.Н.</b> О внешнеполитических инициативах Казахстана как самостоятельного субъекта международных отношений	129
<b>Шкапяк О.Н.</b> Сотрудничество России с государствами Центральной в период третьего президентского срока В.В. Путина	134

#### АКТУАЛЬНЫЕ ПРАВОВЫЕ ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЙ

<b>Абдрашев Р.М., Сералиева А.М.</b> Либерализация экономических преступлений, как лжегуманизация уголовной политики в Республике Казахстан	138
<b>Айдарбаев С.Ж., Лазар Г.</b> Әлеуметтік мемлекет идеясын ғылыми зерттеудің маңыздылығы	141
<b>Айдарбаев С. Ж., Абишева Ж.</b> Азаматтық құқықтағы келісім-шарт түсінігі	144
<b>Алаева Г.Т.</b> Правовое регулирование миграционных процессов в Республике Казахстан	147
<b>Алдибеков Ж.С.</b> Билердің және билер сотының жаңаша көзқарастағы әлемдік маңызы	151
<b>Амандосулы Б.</b> К вопросу об особенностях правового механизма функционирования Всемирной Торговой Организаций	155
<b>Аюпова З.К., Кусаинов Д.</b> Законодательные акты Президента Республики Казахстан в свете делегированных правотворческих полномочий	158
<b>Баймагамбетова З.М.</b> Казахстан и ВТО: проблемы унификации норм, регулирующих международную торговлю	164

3. Экономика и права: энциклопедический словарь. – М., 2001.
4. Куликов В. Бизнесменам обещают волю. Известные правоведы предлагают разгрузить тюрьмы // Российская газета. 2011. 10 февр.
5. Смирнов Г. Бюджет сгубила либерализация. – М., 2011.
6. Уголовный кодекс Республики Казахстан от 16 июля 1997 года // [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1008032](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1008032)
7. Уголовно-процессуальный кодекс Российской Федерации – М.: Эксмо, 2011.
8. Черниловский З.М. Всеобщая история государства и права. Учебник. – М.: ООО «ТК Велби», 2002.
9. Конвенция ООН против коррупции (Нью-Йорк, 31 октября 2003 года).
10. Голик Ю.В., Карасев В.И. Коррупция как механизм социальной деградации. – СПб.: Изд. Р.Асланова «Юридический центр Пресс», 2005.

Айдарбаев С.Ж., Лазар Г.

## ӘЛЕУМЕТТІК МЕМЛЕКЕТ ИДЕЯСЫН ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Әйгілі философ-ғалым П.А. Сорокинның айтуынша, адамзат тарихы – әлемдегі адамның өмір сүруінің жақсарту және дамыту жолдарын тоқтамастан іздеумен өтуде. Адамдардың өзара және табиғатпен өзара әрекеттесуінің күрделі нысандары, мәдениет пен өркениеттің дамуы, адам өмірінің түрлі салаларындағы ғылыми-техникалық жетістіктер және басқалары да адамдардың барлық замандарда өзі мен жақындарының өмірін жақсартуға, бақытты қылуға барлық күш-қуатын жұмсағанын көрсетеді [1, С.513]. Осындай талпыныстар игі өмір сүрудің түрлі идеалдарының немесе үлгілерінің пайда болуына алып келді. Осыған орай мемлекеттану ғылымы да бұл ізденістерден тысқары қалған жоқ.

Мемлекет барлық кезде мамандардың назарынан тыс қалған жоқ. Мұны отандық да, әлемдік де тарих байқатады. Мемлекеттің пайда болуы мен әрекет етуі көптеген теориялар мен тұжырымдар арқылы көрініс тапты. Нақты болмыста олардың біразы өміршен болған жоқ, кейде мемлекет үрдістері бұл теориялар мен тұжырымдардан тыс немесе тіпті қарсы бағытта дамып отырды. Осыған қарамастан тек қана теориялар мемлекеттің қандай болады деген сұраққа жауап бере алады [2, С.314].

Алғашқы мемлекеттердің пайда болуы кезінен бастап, осы күнге дейін саяси қайраткерлер, философтар мен өз заманының көрнекті ойшылдары, тәжірибе мен теорияда идеалды қоғам үлгісін құруға талпынып отырды. Бұл мәселеге өз еңбектерін арнаған тек кейбір ғалымдарды атап өтуге болады, олар - Платон, Аристотель, әл-Фараби, Фома Аквинский, Т. Мор, Ф. Гегель, К. Маркс және т.б.

Платонның идеалды мемлекеті, Аристотельдің политикасы, Солонның мемлекеті, Әл-Фарабидің «мейірімді қаласы», Т. Компанелланың «күн қаласы», И.Кант пен Р. фон Мольдің құқықтық мемлекеті, Гегельдің «мейірбанды мемлекеті» және К. Маркстың коммунистік қоғамы – осының барлығы идеалды үлгілер және әрбір ойшыл өз үлгісі арқылы адамзаттың игісіне жетуді мақсат етті.

Заман ауысқан сайын, идеалды үлгілер қайта ойластырылып отырды, заман талабына сай жаңа үлгілер ұсынылып отырды, өйткені кез келген теория өз заманының жемісі. Уақыт өте әрбір идеалдың жағымды жақтары да, осал тұстары да көрінді, себебі ғылым бір орында тұрмайды, қоғам мен мемлекет туралы білім үнемі толығып отырады. Кейін ұсынылған әрбір үлгі алдындағы үлгілердің барлық жағымды тұстарын ескере отырып, өзі де жаңа идеалдарға негіз болып отырды. Адамзат тәжірибесінде туындай отырып, әлемнің дамуындағы заңдылықтары мен тенденцияларын ескеріп, қалыптасу үстіндегі идеялар шынайы болмыстың, оның заңдарына не сәйкес келуі мүмкін, не оларға қарсы келеді. Сәйкес келген жағдайда адамдар көзқарастарының жүйесі субъективтік фактор ретінде барлық қоғамдық қатынастар жүйесінің дамуына көмектеседі, керісінше жағдайда қоғам құлдырауы мүмкін [3].

Бұл жерде XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы құбылыстарға байланысты мемлекет идеясының сындарлы түрде қайта түсіндірілгенін айтып кетуіміз керек. Қазіргі кездегі азаматтардың көпшілігі үшін мемлекет дегеніміз ескерілуді талап ететін «қажетті зұлымдық»

болып табылады (бұл либертаризм идеясы), немесе жақын арада жоққа шығатын мекеме ретінде түсініледі (К.Маркстың социализмы).

XX ғасырдың ортасындағы әйгілі мемлекеттанушы философ-ғалым Н.Н. Алексеевтің айтуынша, мемлекет идеясының жарығы өшіп келе жатқанымен, мемлекетті құрайтын құрылымдар (заттарды және адамдарды басқарудың мәжбүрлі реттеу тәртібі, мемлекеттік шаруашылық қаржылар, әскер және т.б.) едәуір өсті және әлі де өсу үстінде. Гипнозға түскендей мемлекеттің нақты құбылыс ретіндегі мәнін құрайтын нәрсені «мемлекет» деп атағасы келмейді. Қазіргі кезде кеңінен тараған саяси идеология мемлекеттік аппараттың үнемі өсіп отырып, бүркемелдеу үшін және этатизм өзінің мәні бойынша билігі жоқ анархиялық тәртіпке жақындап келе жатқанын адамдарға сендіру үшін құрылғандай болып көрінеді [4, С.344].

Осы тенденциялармен бірге жаңа мыңжылдықта идеалды қоғам мен мемлекеттің жұмыстары тоқтаған жоқ, бұрынғы кездің тәсілдері, мысалы, конвергенция теориясы, қарастырылып жатыр, олардың негізінде жаңа теориялар, мысалы, мультимедия теориясы, құрылуда.

Қазіргі кезде құқықтану ғылымында, бірқатар ғалымдардың айтуынша, XIX ғасыр бастау алатын әлеуметтік мемлекет идеясын қайта түсіну мәселесі қызығушылық туғызып отыр. Осыған байланысты әлеуметтік мемлекет теориясы бойынша еңбектерінде көптеген ғалымдар әлеуметтік мемлекет идеясы мен теориясын құрушы, XIX ғасырдың белгілі философы, саясаткері әрі мемлекеттанушысы Лоренц фон Штернның еңбектеріне назар аударады.

Сонымен қатар, ұзақ тарихы мен көптеген ғылыми зерттеулердің болуына қарамастан әлеуметтік мемлекет феноменінің табиғаты мен нақты мазмұны әлемдік ғылымда әлі де анық болмай отырғанын ғалымдар жиі айтады. Мәселен, осы күнге дейін әлеуметтік мемлекет қатысты нақты жіктелмеген ұғымдар қолданылады, олар: «әлеуметтік мемлекет», «әлеуметтік құқықтық мемлекет», «игі мемлекет», «жаппай игілік мемлекеті», «әлеуметтік қызмет мемлекеті» және т.с.с. Сол сияқты әлеуметтік мемлекеттің функциялары, оларды жүзеге асыратын тетіктері, оның мамандандырылған институттары, әлеуметтік мемлекеттің қалыптасу жайы мен динамикасы туралы жалпы танылған көзқарас осы күнге дейін әлі жоқ [5, С.3].

Бұл аз болғандай, ғылымда әлеуметтік мемлекет феноменін жоққа шығаратын еңбектер де бар екенін айту керек және оның себептерін бұл ғалымдар «кез келген саясат өз бағыты бойынша әлеуметтік сипатқа ие болатын сияқты, кез келген мемлекет те өз табиғаты бойынша әлеуметтік болып табылады» деп түсіндіреді [6, С.197-204].

Әлеуметтік мемлекет идеясына байланысты мәселелерді қарастыра отырып, зерттеушілер көбінесе теорияның өзін де, оны жүзеге асыру тетіктерін де әртүрлі деңгейде түсінеді, ал егер болса әлеуметтік мемлекетке деген ғылыми көзқарастарды белгілі біркелкілікке келтірудің тиімді етеді.

Мәселен, ресейлік зерттеушілердің әлеуметтік мемлекет идеясы мен тәжірибесіне назар аударуы қызығушылығын, батыс либерализмі ұранына айналған индивидуализм қағидасына негізделген Ресейдің экономикалық және саяси жүйесін құру талпыныстары кедергі жасап отырғанын мемлекеттің тұтастығын қайта қалпына келтіруге қабілетті интеграциялық бастаманың себебімен түсіндіруге болады. Мұны, С.Н. Бабури [7, С.413, 464-468], Б.Я. Бляхман [8, С.197-204], В.О. Лучин [9, С.244] сынды ресейлік ғалымдар айтып келе жатыр.

Жалпы алғанда әлемдік деңгейдегі және қазақ қоғамындағы әлеуметтік мемлекет теориялық көзқарастардың пайда болуы мен дамуының тарихи болмысы, сол сияқты көзқарастардың мемлекет құру шеңберіндегі тәжірибелік жүзеге асырылуы отандық ғылымда оның ішінде құқықтану ғылымының басты міндеттерінің бірі десек қате болмайды.

Әлеуметтік мемлекет идеясының тарихи түп-тамырын әл-Фарабидің, Конфуцийдің, Пифагордың, Гераклиттің, Платонның, Аристотельдің, Полибийдің, Цицеронның еңбектерінде табуға болады (мейірімді мемлекет, үйлесімділік, шама, орта жол идеялары, адам мен қоғам өзара байланыстығы, аралас сипаттағы басқару идеялары). Кейінгі ғалымдардың ішінде әлеуметтік мемлекеттің болашақ теориясы негіздері адам мен қоғамның, қоғам мен мемлекеттің өзара әрекеттестігі мәселелері ретінде Гегель, В. фон Гумбольдт, Н.Я. Данилевский, В.И. Ленин, К. Маркс, Ш.Л. Монтескье, Ф. Энгельс сияқты ғалымдардың еңбектерінде қарастырылды. Бірінші болып әлеуметтік мемлекет тұжырымдамасын XIX ғасырда неміс мемлекеттанушысы

Лоренц фон Штейн жүйелі түрде ұсынған еді.

XX ғасырдағы адам мен қоғамның, қоғам мен мемлекеттің өзара әрекеттестігі Н.А.Бердяев, И. Валлерштайн, Э. Гидденс, Дж.Дьюи, Э. Кассирер, П. Козловски, Д. Лосурдо, Н. Луман, В.С.Соловьев, Э. Трёлч, Чан Шэнь сияқты және т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерттелген.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап әлеуметтік мемлекет теориясы саяси-құқықтық зерттеулердің үш бағыты бойынша жүруде, олар:

1) либерализм (Р.Дарендорф, Д.Кроненберг, Р.Рейч, А.Фурсан, Р.Хейлброннер және т.с.с.);

2) консерватизм (Э.Альбрехт, К.Биденкопф, Х.Гайслер, В.Детлинг, Г.Коль, И.Кристалл, В.Мишник, Г.Рормозер, Дж.Уилл, М.Фридман, Ф.А. фон Хайек, В.Хамм, Г. Шмөльдерс және т.с.с.);

3) социал-демократия (О. Лафонтен, З.Мосдорф, Й.Штрассер және т.с.с.).

Алайда, осыншама көп зерттеулердің болуына қарамастан әлеуметтік мемлекет идеясына байланысты шешімін таппаған мәселелер ғылымда әлі де өте көп. Мысалы, әлеуметтік мемлекет идеясының пайда болуы мен дамуын жалпы танылған түрде кезеңге бөлу әлі де қабылданбаған. Әлеуметтік мемлекеттің анықтамасын берген кезде осы күнге дейін сипаттама беру арқылы анықтау кездеседі (эклетикалық тәсіл). Саяси-құқықтық әдебиетте әлеуметтік мемлекеттің табиғаты мен белгілері туралы бірыңғай көзқарас қалыптаспаған. Сол сияқты әлеуметтік мемлекет теориясын жүзеге асыруға байланысты мәселелерді арнайы құқықтық зерттеуге де көңіл бөлінбей отыр.

Осыған орай бүгінгі күні отандық құқықтану ғылымында әлеуметтік мемлекет идеясының қалыптасуы мен дамуын жан жақты зерттеу қажет, соның ішінде, ерекше назар аударуды талап ететін мәселелер: әлеуметтік мемлекет идеясына тән және оны іске асыруға байланысты мәселелерді айқындау және мемлекет туралы ғылымның қазіргі даму сатысындағы әлеуметтік мемлекет теориясының орнын анықтау.

Әрине, мұндай ірі мәселелерді шешу үшін бірқатар шағын сауалдардың да жауабын табу қажет болады. Соның ішінде, әлеуметтік мемлекет тұжырымдамасына деген қазіргі көзқарастарды талдау; әлеуметтік мемлекет идеясы туралы дәстүрлі көзқарастарды қайта түсіну; әлеуметтік мемлекет ұғымы мен белгілерін айқындау; әлеуметтік мемлекет тұжырымдамасының пайда болуына, тіршілік етуіне және дамуына әсер еткен теориялық негіздер мен себептерді анықтау; қазіргі мемлекеттілік үшін әлеуметтік мемлекет идеяларының даму саласын зерттеудің өзектілігіне баға беру; Батыс елдері мен қазіргі Қазақстанда әлеуметтік мемлекет идеясын жүзеге асырудың болашағын зерттеу.

Аталған мәселелерді ғылыми тұрғыдан шешу және тұжырымдалған сауалдардың жауабын табу өз алдына бөлек әрі терең ғылыми зерттеу жұмысын жүргізуді талап ететіні сөзсіз.

Біз болсақ, өз кезегімізде, жоғарыда көрсетілген мәселелерді адам мен азаматтың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын жүзеге асыруға әрі оларды ұлттық және халықаралық деңгейде қорғау тұсынан кездестіргендіктен, оларға тоқтауға мәжбүр болдық және аталған мәселелердің теориялық тұрғыдан өте жоғары маңыздылығына көз жеткізіп отырмыз.

Алайда біздің жүргізіп отырған зерттеу жұмысымыз бұл мәселеден бөлектеу болғандықтан, біз әлеуметтік мемлекет идеясының теориялық тұстарын зерттеу маңыздылығына тоқтап, болашақ зерттеушілердің бұл бағыттың ерекше өзекті екендігіне көздерін жеткізгіміз келді.

Өзіміздің зерттеу тақырыбына қатысты бір ғана ескертпе жасауымыз керек: адам мен азаматтың әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, сақтау және құқықтық тұрғыдан қорғау мәселелері теориялық жағынан әлеуметтік мемлекет идеясы мен оның нақты анықтамасын жан жақты зерттеу, оның табиғатын айқындау, жүзеге асырылу тетіктерін белгілеу сияқты мәселелердің жауабын табуға тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясы әлеуметтік мемлекет идеясына негізделгендіктен бұл міндет отандық құқықтану ғылымы үшін айрықша өзектілік пен маңыздылыққа ие болып отыр.

#### Әдебиеттер

- 1 Сорокин П.А. Человек. Цивилизация. Общество /Пер. с англ. - М.: Политиздат, 1992. - С. 507-513.
- 2 Тихомиров Ю.А. Государство: развитие теории и общественной практики // Правоведение. - 1999. - № 3. - С.314.
- 3 Карасев В.И. Социальная трансформация как предмет философского анализа: Автореф. дис... докт. фил.